

ISSN: 1814 - 6961

E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 2 (94)

2 /2021

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендинович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК. (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor; Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Gottingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraina)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshek” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_92

**АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ
(СЕМЕЙ ӨңІРІ МЫСАЛЫНДА)****Ержан Саньязов^{1*}**¹Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Қазақстан, Семей қ.*Автор-корреспондент
E-mail: e1753724@gmail.com

Түйіндеме. Мақала Қазақ даласында земство ісінің қалыптасуы мен соған орай жер мәселесіне қатысты туындаған мәселелерді талдауға бағытталған. Жергілікті басқару мен кеңестік билік тұсындағы өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасуы мен ерекшеліктеріне Семей өңіріндегі земстволық құрылым тарихы мысалында талдау жасалады. Сонымен қатар, қазақ либералды зиялыларының земство туралы ойлары мен өзін-өзі басқаруды енгізу жолындағы күрестеріне мән беріледі. Земство дегеніміз не деген сауалға жауап бере отырып, оларды қазақ даласына енгізудегі қиыншылықтарына шолу жасалынады. Халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған земство мекемелерінің әлеуметтік-экономикалық қызметінің негізгі бағыттары қарастырылып, земстволардың ауылшаруашылық өнімдерін дамытудағы, жол салудағы, саудадағы рөлі қарастырылады. Ең бастысы земстволар халық ағарту ісімен, медицинаны жетілдірумен, тұрғындарды әлеуметтік қорғау ісімен айналысқан.

Кілт сөздер: земство, далалық өлке, ұлттық зиялылар, Семей, земстволық басқарма

МРНТИ 03.20.00.

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЛАШОРДЫНЦЕВ В РЕШЕНИИ ЗЕМЕЛЬНЫХ
ВОПРОСОВ (НА ПРИМЕРЕ СЕМЕЙСКОГО КРАЯ)****Ержан Саньязов^{1*}**¹Казахский инновационный гуманитарно-юридический университет, Казахстан, Семей.*Автор-корреспондент
E-mail: e1753724@gmail.com

Аннотация. Статья посвящена процессу организации земства, то есть местной власти на территории Казахстана. Анализируются процессы формирования органов местного самоуправления в период двух революций начало XX века. Материалы статьи помогают понять характер развития земских отношений в Восточном Казахстане в изучаемый период. Автор приходит к выводу, что советская власть в 1917-х гг. через направляемое землеустройство стремилась к концентрации земельных ресурсов в руках государства.

Анализируются процессы формирования органов местного управления и самоуправления в период становления советской власти. Влияние казахской либеральной интеллигенции в вопросах организации местной власти.

Ключевые слова: земство, Степной край, интеллигенция, Семей, земская управа

IRSTI 03.20.00

**THE ALASHORDA MEMBERS ACTIVITIES IN SOLVING LAND ISSUES
(ON THE EXAMPLE OF THE SEMEY REGION)****Yerzhan Sanyazov^{1*}**¹Innovative University of Humanities and law. Kazakhstan, Semei

*Corresponding author
E-mail: e1753724@gmail.com

Abstract. This article is about the process of organizing local authorities on the territory of Kazakhstan, which called “zemstvo”. The processes of local self-government bodies formation during the period of two revolutions at the beginning of the twentieth century are analyzed. The materials included the article helps to understand the nature of the development of zemstvo relations in East Kazakhstan during the period under study.

The author comes to the conclusion that the Soviet power concentrate land resources in the hands of the state in the 1917s. years, through directed land management.

The processes of formation of local government and self-government bodies during the period of formation of the Soviet power are analyzed. The influence of the Kazakh liberal intelligentsia in the organization of local government was studied.

Keywords: zemstvo, steppe region, intelligentsia, Semey, zemstvo council.

Кіріспе. XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның қоғамдық – саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінде елеулі рөлдердің бірін атқарған Земстволық мекемелердің тарихи зерттеу, әрі оны ғылыми тұрғыда жалғастыру тәуелсіз Қазақстанның тарихшыларының еншісіне тиді. Өз заманында халқымыздың, жұрттың қажеттігін орындаған Земство мекемесінің іс-әрекеті сол дәуірдегі бүкіл қоғамның шыңына шықты. Қазақ зиялыларының жұмысын көрсету, олардың жер мәселесін шешуді басты мақсат еткені тақырыптың өзектілігін айқындады.

Методология. Зерттеу әдістері тарихи салыстырмалы тәсілдерге және тарихилық принципке негізделген. Аталған әдістер кешені өзара бірін-бірі толықтыра отырып, мақаланың ғылыми толықтығы мен тереңдігіне негіз бола алды. Сонымен қатар, тарихи деректер кешені мен тарихнамалық зерттеу еңбектеріндегі ой-пікірлерге талдау жасалынып, соның негізінде өзіндік пікір қалыптастыруға көмектесті.

Талқылау. Мақаланы жазудағы негізгі дерек көздеріне земстволық мекемелер құжаттарын басшылыққа алу, земство қызметін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Себебі, аталған құжаттар тікелей земстволық мекемелер құрылған, жұмыс жасаған, жойылған тұстағы қызметтерімен байланысты қалыптасқан. М.В. Угрюмова зерттеулеріне сүйенсек, хронологиясы жағынан земстволық мекемелер құжаттары ресейлік земство қалыптаса бастаған кезеңнен, яғни 1894 жылдан 1919 жылға дейінгі аралықты қамтиды (Угрюмова, 2014: 207). Сонымен қатар, земство тарихын ашуға көмектесетін деректер еліміздегі мемлекеттік архив қорларында сақталған. Сондай архивтердің бірі - Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві және Семей өңірі архивтері. Земство тақырыбын ашуға көмектесетін бірқатар құжаттар, әсіресе жекелеген ұлт зиялылары мақалалары бүгінде құжаттық жинақтар негізінде жариялануы-мәселені деректік тұрғыдан байытып отыр.

Мәселенің тарихнамасына тереңірек үңілсек, Ресейдің өзінде земстволық мекемелер тарихы XIX ғасырдың соңында-ақ зерттеле бастағанмен, негізгі еңбектер XX ғасырдың басында земстволық мекемелердің елу жылдық мерейтойы тұсында жариялана бастағанын байқауға болады. Алғашқы зерттеу еңбектерінің қатарында әлі де маңызын жоғалта қоймаған Б.Б. Веселовский (Веселовский, 1909–1911) зерттеуінің алар орны ерекше. Алғашқы земствотанушылардың еңбектері бай фактілік және статистикалық мәліметтерге толы болуымен ерекшеленетіндіктен, бүгінгі таңдағы зерттеушілер үшін XX ғасырдың басында жарық көрген еңбектердің маңызы өте зор. Тіптен, кеңес өкіметінің келуімен земстволық басқарудың жойылуына дейін-ақ аталған мәселеге қатысты өзіндік тарихнама қалыптасқандығын көруге болады.

Оның айқын дәлелі ретінде В.В. Киришманның Петербург пен Мәскеудің басылымдары беттеріндегі земстволық реформаға қатысты мақалаларды талдауға бағытталған кандидаттық диссертациясын (Киришман, 1949), А.Я. Старикованың (Старикова, 1953) земствоға қатысты орыс революциялық-демократиялық публицистика материалдарын талдаған, В.В. Гармизаның (Гармиза, 1957) 1864 жылғы земстволық реформаның дайындалуы туралы зерттеулерін атап өтуге болады. Аталған еңбектер XX ғасырдың 50-60 жылдары жарық көргендерімен, бірқатар объективті мәліметтерді қамтығандықтан өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Авторлар өз зерттеулерінде земство тарихының тарихнамасын жан-жақты талдап қана қоймай, реформаның жүргізілуін, земстволық

либералдық-буржуазиялық қозғалыс жайында, земство мен самодержавие хақында, земстводағы әлеуметтік күрес туралы мәселелерді қарастырған. XX ғасырдың 90-жылдары Ресейдегі земстволық басқару туралы Г.А. Герасименконың (Герасименко, 1990), Н.Г. Королеваның (Королева, 1995), В.Ф. Абрамовтың зерттеулері өзекті болып табылады (Абрамов, 1996).

Қазіргі таңдағы тарихнамада земство тарихын зерттеу негізінен диссертацияларда басым. Земство тақырыбын ғылыми тұрғыдан талдау, көрсетілген мәселеге қатысты жүздеген тың деректерді ғылыми айналымға енгізіп қана қоймай, мәселенің кең ауқымда, түпкілікті ашылуына негіз бола алары сөзсіз. Ондай зерттеулер қатарында, В.А. Горновтың (Горнов, 1996), Е.В. Чернышеваның кандидаттық диссертацияларын атап өтуге болады (Чернышева, 2000.).

Ал, М.Д. Ахметов (Ахметов, 2000: 27) өзінің диссертациялық зерттеуінде Қазақстанның дамуындағы жергілікті өзін-өзі басқару мәселесін арқау етіп алып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы өзін-өзі басқару ісінің тарихи-құқықтық тәжірибесін жүйелі зерттеген.

Академик С.З. Зиманов ағамыз 1917 жылдың қарсаңында қазақ зиялылары арасында *земство* идеясы әсіресе өзекті болғандығын атап өтуі де негізсіз емес. Академиктің пайымдауынша: «Өзін-өзі айқындау өзін-өзі басқару ретінде, ал өзін-өзі басқару – земство ретінде қабылданды» (Зиманов, 1987: 256). Сонымен қатар, Қазақстандағы өзін-өзі басқару идеясы Ресейдегідей дәстүрлі болмады. Қазақ зиялылары ұмтылған земство шын мәнінде қауымды, яғни көпшілікті билікке тартып, шешімді ортақ қабылдау арқылы қоғамды оң өзгерістерге әкеле алатынына сенді. Ә. Бөкейхан өз еңбектерінде қоғамдық істерді сауатты жүргізуге земство көмектесетініне сенген (Камалдинов, 2004: 35-37).

Қазақстан тарихындағы земство тарихына ден қойып қалам тартылған зерттеулерді кеңірек талдар болсақ, Қазақстанның әр жерлеріндегі құрылған Земство мекемелерінің тарихы Қ.А. Жиреншиннің: «Политическое развитие Казахстана в XIX-начале XX веков» атты еңбегінде сипатталғанын байқаймыз. Сонымен бірге, бірқатар зерттеулер Алаш қаласы болған Семей өңіріндегі тарихи оқиғаларға арналғанын көруге, оның ішінде Е.Е. Сайлаубайдың «Алашорда және оның Шығыс бөлімі» атты кандидаттық диссертациясында Семей облыстық Земство мекемесінің тарихына тоқталып кеткендігін көреміз (Сайлаубаев, 1997:120).

Тіпті, тақырыпқа байланысты зерттеу еңбектерінің ішінде 1918 жылдың бас кезінде баспа беттерінде жарық көрген еңбектердің қатарында Земствоға қатысты тұжырымдар ұлт тірегі болған Әлихан Бөкейханов еңбектерінде сол кезде-ақ көрсетілген. Ә. Бөкейханов Земствоның не екенін былай түсіндірді: «Земство жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме, жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілігінде Земство билейтін іс болмайды. Земство үш орында үш дәреже» (Бөкейханов, 1996: 326). Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ тарихшылары Алаш мәселесін зерттеуде Земствоға қысқаша шолулар жасаған.

Уақытша өкімет тұсында аймақтық жерлерде түрлі деңгейде құрылып, жаңа сипат алған мәселелермен қатар дүниеге келген Земство мекемесі қоғамда қандай қызмет атқарғанын көрсету, әсіресе Семей қаласында құрылған облыстық Земство мекемесінің қоғамдық-саяси қызметі қандай болды және нақты ол мекеме қандай іс-шараларға араласқанын айқындай түсу басты мақсат болды.

Нәтиже. 1917 жылы Ақпан төңкерісі патша өкіметін құлатып, жоғары билік жүйесіне басшылыққа келген Уақытша өкімет басшылары аймақтық, облыстық жерлерде түрлі деңгейдегі комитеттер мен мекемелер құруға нұсқау жарлықтар (1917 ж. көктем) беруін, сол жарлықтарға байланысты Семей қаласында облыстық Земство мекемесі құрылғанын (1917 ж. 18 желтоқсан) баянды етуге тырысқан. Земство мәселесі барлық облыстық қазақ съездерінде күн тәртібіне енгізілді, соған орай мәселені шешу жолдарына қатысты ұсыныстар да алуан түрлі болды. Егер, 1917 жылы 2-8 сәуір аралығында өткен Торғай облыстық қазақ съезді «жалпы негіздегі земстволық басқаружы негізуді» ұсынса (Алаш орда, 1992: 47-48), сол жылдың 27 сәуірі мен 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық съезді басқа ұстанысда болды. Аталған мәселеге қатысты қарарда жергілікті өзін-өзі басқаруды тез арада енгізіп, аймақтың ерекшелігінен шыға отырып, облысты басқаруға тұрғындардың қатысуын айқындау қарастырылды. Ал, Орынборда 1917 жылдың 21-28 шілде аралығында өткен

Жалпықазақ съезінің земствоға қатысты қаулыларында Уақытша үкіметтің шешімдеріне сәйкес далалық өлкеде болыстық земстволар отырықшы аймақтарда құрылуы тиіс болды. Земстволардың көшпелі аймақтарда құрылуы алдағы уақытта өтетіноблыстық земство жиналысында қарастырылуы тиіс болды.

Көріп отырғанымыздай Қазақстандағы өзін-өзі басқару Ресейдегідей жолға қойылмағанмен, интеллигенция тарапынан бұл бағытта көп жұмыс жасалынды. Ұлттық интеллигенция үшін земство мемлекетті басқаруда қоғамның барлық таптарының қатысуы арқылы шынайы басқаруға мүмкіндік беретін негізгі қайнар көз болды. Өзін-өзі басқару, автономия идеялары негізінен земстводан көрініс тапты. «Жұртқа пайдалы заңның бірі земство еді, мұның Ресейде басталғанына елу жыл болды. Сонан бері жұртқа тегіс жайылмай, бірте-бірте көбейіп келеді. Енді біраз жылдарда біздің қазақ облыстарында да земство ашылу ықтималы бар» (Қазақ газеті, 1998: 64) деп 1913 жылы М. Дулатов үлкен үмітпен жазғанындай, қазақтар асыға күткен земство енгізу туралы заңды Уақытша үкімет 1917 жылдың 17 маусымында бекітіп, осы жылдың 20 шілдесінде «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай және Орал облыстарында земство мекемелерін ашу туралы» қаулысын жариялады (Жиренчин, 1996:330).

Земство құру ісі. Зерттеулерге сүйенсек земстволық реформа дайындау ісі, 1917 жылдың 22-24 наурызында басталған. Ол мәселемен 1917 жылы 26 наурызда құрылған болыстық земство туралы комиссия айналысты. Жалпы, земство құру ісі Уақытша үкіметтің «Дала облыстарында земство тәртібін жүргізу турасында» деген қаулысына сәйкес тамыз айына дейін аяқталуы тиіс болатын. Осылайша қазақ даласында земстволық басқару ісі енгізіле бастағанмен, қаржының жетіспеушілігі, қаулының бұрмалануы секілді олқылықтар орын алып отырды.

Земствоны тез арада енгізуді іске асыруда Омбы-Петроград-Омбы-Семей бағыттарында бірнеше рет іскерлік жеделхаттар жіберілді. Нәтижесінде 1917 жылдың қыркүйек айынан земство жүйесі Семей өңіріне енгізілді (ҚР ОМА, 4:45-48). Мысалы, Түркістан өлкесіне земствоны енгізу өлке әкімшілігі тарапынан дайындалған ережелер негізінде жүзеге асты. 1917 жылғы 25 сәуірдегі Түркістан комитеті қаулысына сәйкес Жетісуда земствоны енгізу ережелерін дайындау М. Тынышпаев, Д. Шкапскийлерге тапсырылды (ҚР ОМА, 1:465).

Қазақстандағы земстволық қозғалыстың кең өрістеген өңірі Семей облысы болды. Нәтижесінде, Семей облысы бойынша земстволықты басқарудың енгізілуі пәрменді сияпта жүргізілді. Жер-жерде земство сайлауының өтуі қазақ жұртшылығын біріктіре түсті. Көпшілікке земство ісін түсіндіру жұмыстары қолға алынды. Земствоның не екендігін Ә. Бөкейхан былайша түсіндіреді: Земство – жұрт сайлап қоятын мәжіліс мекеме, жұрттың көзі, жан ашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды (Алаш көсемсөзі, 2011: 384).

Осы жерде, Алаш көшбасшысы қазақ облыстарына земство енгізу үшін күресін 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясына дейін, шамамен 1904 жылы бастағандығын айта кету маңызды. Оның себебін мақалаларының бірінде былай түсіндіреді: «60-жылдардағы қайырымдылық реформалардың қатарында алғашқы орындардың бірін 43 жыл бұрын еуропалық Ресейдің 34 губерниясына орнатқан жергілікті өзін-өзі басқару мекемесі - земство алады. Орыс земствосының 40 жылдан астам ғұмыры земстволық медицина, халыққа білім беру, халық шаруашылығын зерттеу сынды жарқын істерімен және халықтың саяси құқың кеңейту жолында үкіметке қарсы одан да жарқын күресімен танылды. Үкіметтің билікті халық мүддесіне кереғар асыра пайдалануына қарсы ашық оппозиция... земстволарда шоғырланды. Сол себепті, үкімет оны өзінің жауы санады» (Алаш көсемсөзі, 2011: 384).

Земство тиімділігі туралы М. Әуезов те өз пікірін білдіріп, земствомен қатар кооперативтер де тиімді екенін жан-жақты талдап берген: «Ел қамына еңбек қылу бұл уақытта екі жікке бөлінеді. Бірі - ел иен жайылып еркін кетіп, жұрттық деген үйден айырылып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кететін болып қиыны қашқан күнде, саясат құрсауын салып ел қылып қалқитам дейтін саяси қамқорлардың қызметі. Екінші – елдің мұның ұғып, мұқтажын толықтырып, елмен қол ұстасып, еңбекке түсіндіріп, шаруасын, оқуын, өнерін түзеп іштен жетілем дейтін земство, кооперативтер жұмысы» (Алаш көсемсөзі, 2011: 384).

1917 жылы тамыз айының санында «Сарыарқа» газеті: «Өскемен, Зайсан уезі көш басшы сияқты земство сайлауы жолын көрсетіп, жобасын ұқтыратын кісілерді

(инструкторларды) елге шығарып, список жасатып жүр, деп хабарлай келіп, сегіз аудан болған Семей уезіне қазаққа қазақтың өзінен ел ішіндегі жүйрік, көсем ақсақалдардан бес кісі, ішінде Шәкәрім ақсақал мен Біләл Кекетаев бар, мұжыққа үш орыс сайланды, бұлардан басқа төрт кісі запас болды» (Земство кіргізу қамы, 1917) делінген.

Көріп отырғанымыздай Қазақстандағы земство ісінде 1917 жыл қарқынды жыл болды. Әсіресе, Семей өңірінің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірі қыза түскен болатын. Облыстық атқарушы билік аппараты – Делегаттар кеңесінің құрылуы, оған облыстағы жетекші саяси күштердің өкілдерінің тең дәрежеде тартылуы демократиялық ағымның іс жүзіндегі көрінісі болды. Қазақ қоғамының тірегі болған Қазақ комитеттері мен қазақ қайраткерлерінің саяси белсенділігі облыстағы саяси күштердің олармен, санасудың жаңа кырын көрсетті. Ұжымдық монографиялардың бірінде оны «Ол облыстағы негізгі демографиялық және экономикалық басымдылықтардың қазақтар жағында екендігін толықтай сезінулері деп көрсетеміз» деп атап өтті (Қазақ мемлекеттілігі, 2018: 402). Делегаттар кеңесінен кейінгі жер комитеттерінің құрылуы, земство жұмыстарының ұйымдастырылуы, уездік, болыстық атқару комитеттерінің және тағы басқа мекемелердің іс-әрекеті барысында облыс бойынша қалың қазақ жұртшылығына арқа сүйеген жергілікті қазақ зиялыларының жалпықазақтық сипаттағы қызметтерінің өрістеуі көп жайдыаңғартады.

1917 жылдың қазан-қараша айларындағы большевиктік қозғалыстың Петроградтағы саяси билікті қолдарына алуы Ресейдің басқа аймақтарында күрделі өзгерістер әкелді.

Земство құру жолындағы кедергілер. Қалыптасқан күрделі саяси жағдайға қарамастан облыстық Земство сайлауы өтіп, оның жұмысы басталып кетеді. Төтенше Семей облыстық Земство жиналысы гласныйларының мәжілісі өз жұмысын 1918 жылғы 17 қаңтарда бастайды. Земство жиналысының алғашқы мәжілісінде ұйымдастыру мәселесі бірінші кезекте қаралады. Семей облыстық Земство төрағалығына Р. Мәрсеков, мүшеліктеріне Троцкий, Ғаббасов, Ляшкевич және Сатбаевтер сайланады. Облыстағы Комиссариаттан кейін өзін-өзі басқару жүйесіне жататын облыстық Земство бірден-бір беделді саяси ұйым ретінде қалыптасады. Оның басшылығына Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасов пен Сатбаевтардың болуы Алашорда бағытындағы қазақ қайраткерлерінің облыстағы саяси билікті өз қолдарына алуға ұмтылғанын көрсетеді (Қозыбаев, 1990: 13).

1918 жылы қаңтар айының 20-нан бастап Семей облысында большевиктік қозғалыс өрістей түсті. Нәтижесінде облыс орталығы Семей қаласында 1918 жылы 2 ақпанда Кеңес өкіметі билігі жарияланды. Өлкеде Кеңес өкіметінің билігінің орнауы саяси күштердің ара салмағына күрделі өзгерістер енгізді. Сонымен Семей облысында ақпан айының басында екі билік жүйесі қалыптасты, бірі – Кеңес өкіметі, екіншісі – Облыстық Земство жиналысы (Қойгелдиев, 1995: 213).

Алаш автономиясының жариялануына байланысты, оның Уақытша Ұлттық кеңесі-«Алашорда» Семей өңіріндегі саяси билікті өз қолдарына толықтай алуға ұмтылды. 1918 жылы 31 қаңтардағы Семей облыстық Земствоның бірінші төтенше жиналысында өлкедегі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты Семей облысы жұртшылығына арналып арнайы үндеу қабылданды. Семей облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға мінездеме беріліп саяси жағдайға қарай ойысады. Орынборда өткен екінші жалпы қазақ съезінде қаулы қылған автономия мәселесін сөз етеді. Қазақ өлкесінде қазақ ауылының автономияны қолдайтындықтарын айтып, ендігі сөз орыны тұрғындарда екендігінде (Скрипилев, 1982: 87) деп айтылады.

Семей облыстық шаруа, жұмысшы және солдат депутаттарына 1918 жылы наурыз айында өткен біріккен съезінде Сібір автономиясы туралы ғана қаулы қабылданды. Онда Сібір автономиясын халыққа жат құбылыс деп көрсеткен.

Семей облыстық Уақытша Комиссариатының, жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің және Қазақ комитетінің өзара келісімге келуі нәтижесінде біріккен съез өткізуге мүмкіндік туды. Бұл съез 1918 жылы 10 наурызда Семей қаласында ашылды. Билік пен Земство мәселесіне қатысты төмендегідей қаулы қабылданды: «Бір ғана билік иесі ретінде Кеңестерді мойындайды. Облыстық және уездік Земство таратылған деп есептелінсін, ал Земство қызметі тиісінше Облыстық және уездік біріккен Кеңестер қарамағына берілуі керек, оларда ерекше Земство бөлімдерін құрып, соларға облыстық Земство шаруашылығына тиісті барлық істерді берсін, Земствоның тамырына балта

шабылуы қазақ өкілдерінің саясатқа араласуына шектеу болады».

1918 жылы маусым айының бас кезінде кеңес өкіметі құлатылып, жаңа азаматтық билік жүйесі қалыптаса бастады. Семейдегі ресми билік иелері Сібір үкіметіне бағынышты болды. Семей облыстық Земство басқармасының төрағасы мен мүшелері өз жұмысын 1918 жылы 27 маусымда бастады.

Земство басқармасы 1918 жылы 17 қаңтарда бірден-бір беделді саяси ұйым ретінде қалыптасты. Оның басшылығында Р. Мәрсековтің болуы Алашорда бағытындағы қазақ қайраткерлерінің облыстағы саяси билікті өз қолдарына алуға ұмтылғанын көрсетті. Райымжан Мәрсеков, өзіміз білетіндей XX ғасыр басындағы билікті қоғам және мемлекет қайраткері. Талантты теоретик, журналист, білімді заңгер ретінде танылған ол да Қазақстандағы земстволық өзін-өзі басқару ісінің идеологтарының бірі болғандығын көруге болады.

Қазақ демократиялық интеллигенциясы үшін әр уақытта ең негізгі мәселе-жер мәселесі болды. Жер мәселесі XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ елі үшін қоғамдық маңызын ғылыми тұрғыда өз дәрежесінде көтеріп және оны терең түсіндіріп берген қайраткер, ғалым әрине Әлихан Бөкейханов болғандығын жоғарыда да атап өттік (Қарымсақова, 1980: 120).

Алаш зиялы қайраткерлері аса маңызды деп санаған жер мәселесі Семей облысында ресми тұрғыдан қарала басталды. Жер мәселесіне байланысты арнайы мақсатта басқосулар өтті. 1917 жылы 22 маусымда жер комитеттерін құру мәселесі қаралып, шешім қабылданды. Жер комитетінің құрамына Алаш қайраткерлері Мәрсеков, Ғаббасов және т.б. енді. 1917 жылы 11 шілдеде Облыстық жер комитетінің бірінші мәжілісі өтті. Осы мәжілісте ұйымдастыру шаралары талқыланып Ғаббасов комитет төрағалығына, Мәрсеков орынбасарлығына сайланды.

Қалыптасқан күрделі саяси ахуалға қарамастан земство өз жұмысына кірісе бастады. Төтенше Семей облыстық Земство жиналысының алғашқы отырысында ұйымдастыру мәселесі бірінші орында тұрды. Облыстық земство, сонымен бірге, Ресейдегі саяси маңызы бар барлық іс-шараларға да мұқият мән берді. Мысалы, Облыстық земство өкілдері ретінде И. Әлімбаев Самара қаласында өткен Сібірдің өзін-өзі басқару органдары съезіне қатысып қайтқандығы айтылады. (ҚРОМА, 208:162).

Семей облысы земство мекемелерін ашуда қазақ комитеттері аса белсенділік көрсетті. Земство сайлауында қазақтардың жергілікті ұлт өкілдері ретінде көп дауыс алуына, сөйтіп елдің саяси белсенділігінің артуына септігін тигізді. Оның бір мысалы Р. Мәрсеков, С. Дүйсенбин, И. Әлімбаев сияқты Қазақ комитетінің өкілдері мұжықтар Кеңесіне (Крестьянский Совет) барып, қазақ пен мұжықтардың бірге сайлау өткізгендігі жөн екендігін, земствоға мүшеліктің тең жартысын алуды дәметкен (аздағына қарамай) мұжықтардың адам санына қарай сайлаудың дұрыстығына көзін жеткізіп, ақыры бір Семей уезінің өзінде қазаққа 32, мұжыққа 12 мүшелік орын болсын деген ортақ мәмлеге көндіреді. 1918 жылы 17 қаңтарда гласнойлардың Семей облыстық жиналысы өткізіліп, онда облыстық земство басқармасының құрамы бекітілді. 25 гласной қатысқан жиналыста 21 дауыс алып Райымжан Мәрсеков басқарма төрағасы болып сайланды, мүшелікке К. Ляшкевич, Х. Ғаббасов, Д. Троицкий, Ә. Сәтбаев өтті. Әкімшілік басқаруға Р. Мәрсеков, азық түлік пен дәрігерлік бөлімдерге Х. Ғаббасов, бухгалтерияға К. Ляшкевич, оқу ісіне Ә. Сәтбаев басшылық ететін болды (ҚР ОМА. 79:1).

Өскеменде құрылған жер комитеті жұмысына Тұрғанбаев қатысып, бірқатар маңызды істерді шешуге тікелей араласқан. Әсіресе жерге иелік ету мәселелерінде қазақ-орыс қарым-қатынастарының тұрақталуына елеулі ықпал еткен.

Уақытша Сібір өкіметінің «Сібірде жер комитеттерінің құрылуы» қаулысын, яғни 1918 ж. 25 шілдеде қабылданды. Қаулыда барлық жер мәселелері Земство мекемесіне берілуі және Земство құрамына жер бөлімі ашылуы жайлы айтылған. Сонымен қоса жер бөлімінде губерниялық және уездік жер жұмысы кеңесі құрылуы айтылған. Бұған дейін жер мәселесін реттеуде жер комитеттер атқарған (Махаева, 1998: 158).

Семей облыстық Земствода жер бөлімін құру жоғарыда көрсетілген қаулыға байланысты құруға кіргізді. Азаматтардың жер мәселесіне байланысты туған тартыстарына орай 1918 жылы тамыз айында Земство мекемесінен жер ісі столы ұйымдастырылды.

Земство мекемесі осы жылы жерді қолдануды біраз қалпына келтіру үшін, жерді қажет еткен қазақ қоғамдарына қоныстанбаған және бос бөлімдерді қолдануға

мүмкіндік берді. Сондай-ақ жер мәселелерін түпкілікті шешу үшін Учредительное собрание шақырылып шешім қабылдады.

Земство құрамына жер мәселесі бойынша арнайы жиындар өткізіп отырды. Тарабаев, Жантаев, Қозбағаров және т.б. қазақ зиялылары жер мәселесін реттеуде өз үлестерін қосып, ат салысқан.

1917 жылы ақпан айында патшаның тақтан түсірілуі, Ресей империясы құрамында болып келген халықтардың ұлттық қозғалыстардың өрбуіне зорықпал етті. Сонымен XX ғасырдың бірінші ширегінде Ресейдің жоғарғы билік басына келген Уақытша өкіметтің әкімшілік жүйесі мен аймақтық жерлерде құрылған, түрлі деңгейдегі алуан түрлі қоғамдық ұйымдар мен комитеттер негізінен жоғарыда аталған өкіметтің саясаты мен жүзеге асыратын органдары ретінде құрылды (Қойгелдиев, 2006: 250).

Алаш зиялыларының және қазақ тұрғындарының жер мәселесі басты алаңдатқан. Құрамында Алашорда қайраткерлері бар облыстық Земство бірінші кезекте жер мәселесін реттеуге тырысты. Әр түрлі дау-дамайларға түрлі деңгейде көңіл бөліп отырды. Алаш зиялылары жер мәселесін шешуде сол кездегі басқа да комитеттермен бірігіп, бірлесе отырып атқарған (Ескерілмей қалмасын, 1919).

Мәрсеков жер дауы қазіргі облыстық қазақтар үшін маңызды мәселе деп тапқан. Бұны облыстық жер дауын реттеуде байқаймыз. Алаш зиялылары ұлттық автономия мәселесін қорғау барысында Земство жиналысына арқа сүйеген. Земство жиналысының қызметінде қазақ зиялылары болды.

Жаңа құрылған Кеңес өкіметінің Семейдегі ұйымдары алашшыларға саяси басымдық бермеуге тырысты. Өйткені Земстволыққа мүше болғандар да Алаш партиясы мүшелері болды, кейін Алашорда құрамына енгізілді. Земстволық ұйымдар Алашорданың негізгі тірегі болды. Оны 1918 жылы маусым айынан кейінгі тарихи жағдайлар көрсетті.

Земстволық мекемелер шаруашылықтың әр саласынан да халықтың пайдасын көздеп, түрлі бөлімдер ашты, Егінжай салу, мал дәрігерлік, орманды қорғау, емдеу, емхана ашу сияқты тағы басқа толып жатқан жұмыстарды ұйымдастырды. мысалы, Қарқаралы уездік земствосы сібір қалаларынан 25 мыңдай балық аулайтын құрал-саймандар алдырып, балқаш балығын аулайтын бөлім ашса, Семей облыстық земство басқармасы Америка фирмаларымен қарым-қатынас жасауға талпынды (Ішкі хабарлар, 1919). Облыстық земство төрағасы Р. Мәрсеков земство тапсырмасымен Владивосток қаласына да барып қайтады (ҚР ОМА, 218).

Жалпы халықты оқыту жолына түсіруді ең керекті іс деп білген земстволар стипендия бергенде, өз мамандарын шығаруды көздейді, әрі шәкірт земство ақшасын неше жыл пайдаланса, сонша жыл земствоға қызмет етуге міндетті болған. Земстволық мекемелер балаларды оқуға тартуға ғана емес, сонымен бірге оларды оқу-құралдарымен қамтамасыз етуге де көп көңіл бөлген. Мәселен, Семей облыстық земство басқармасы бастауыш ауыл мектептерін қазақ тілінде оқытуға қажетті кітаптармен қамтамасыз ету ниетінде 10 мың дана оқулық шығарып, облыс мектептеріне таратқан (ҚР ОМА, 218: 258).

Шаруашылық жайы әрі тұрмыс жағдайы көп қазақ отбасыларының оқуға бала беруіне қол байлау болғандығын ескерсек, земство стипендияларының өз уақытында маңызды бастама болғаны ақиқат. Бір Семей облыстық земство мекемесінен 1917-1918 жылдар аралығында 110 стипендия тағайындалып 25300 сом бөлінген (ҚР ОМА, 220). Осы стипендияны кезінде Семей оқытушылар семинариясында оқыған қазақтың әйгілі ұлдары Ж. Аймауытов пен М. Әуезов те пайдаланған.

Қазақстанда 1918 жылдың маусым айындағы биліктің ауысуы нәтижесінде жаңа саяси билік қалыптасып, кеңес өкіметінің орнауы, земстволық істі уақытынан бұрын тоқтатуға алып келді. Нәтижесінде қазақ жерінде земство мекемелері толыққанды қалыптасып та үлгермегеніне қарамастан, бірқатар игі бастамаларды қолға алғандығын көреміз.

Қорытынды. Жалпы, XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының земствоға үлкен үміт артқанын көреміз. Өзін-өзі басқарудың озық әдісі ретінде халық арасында да, зиялылар арасында кеңінен мойындалған земстволық басқару ісін бүгінгі таңдағы бел дамуындағы мәжілістің аң қызметінен байланыстыруымызға болатындығын байқаймыз.

Қалыптасқан күрделі саяси жағдайларға қарамастан Облыстық земство сайлауы өтіп, оның жұмысы да белсенді жүргізіліп, 1919 жылдың соңына дейін жалғасын тапты.

Қазақстанның шығыс өңіріндегі земство ұйымының қызметі сол кезде қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты ең алдымен халықтық билікті жүзеге асыруды және өлкедегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталғанын көреміз.

Осыған орай, Облыстық земство мен Алаш қайраткерлерінің Семей облысындағы атқарған қызметтері, облыстағы саяси өмірді және қоғамдық өмірді реттеудегі атқарған түрлі шаралары қазіргі таңда өте маңызды екендігіне тағы да көз жеткізіп, аталған мәселені микротарихтық аспектілерін әлі де болса зерттей түсу қажет екендігін көреміз.

Әдебиеттер тізімі

- Абрамов В.Ф. Российской земство: экономика, финансы и культура. М., 1996. 218 с.
- Ахметов М.Д. Местное самоуправление в политическом развитии Казахстана: Автореф. дис... канд. юрид. наук. Астана, 2000. 27 с.
- Алаш орда: сборник документов // Сост. Мартыненко. Алма-Ата: Айқап, 1992. 324 с.
- Алаш көсемсөзі: 10 томдық. Алматы: Өнер, 2011. 8 кітап: Абай. 384 б.
- Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы. 1994. 215 б. Алматы; 1996. 326 с.
- Веселовский Б.Б. История земства за сорок лет. В 4-х т. СПб., 1909–1911.
- Гармиза В.В. Подготовка земской реформы 1864 года. М.: Изд-во МГУ, 1957.
- Герасименко Г.А. Земское самоуправление в России. М., 1990.
- Горнов В.А. История земства России второй половины XIX – начала XX вв. и ее отражение в отечественной исторической науке. (1946–1995). Дисс. ...кандидата исторических наук: 07.00.02;07.00.09. Москва, 1996;
- Горнов В.А. Историография истории земства России. Рязань, 1997.
- Ескерілмей қалмасын // Сарыарқа. 1919. 1 ақпан.
- Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков. Алматы: Жеті жарғы, 1996. 330 с.
- Зиманов С.З. Идеино-политические взгляды М. Сералина. Алма-Ата, 1987.256 с.
- Земство кіргізу қамы // Сарыарқа. 1917. 11 қыркүйек.
- Камалдинов Р. Идея местного самоуправления в трудах А. Букейханова / Вестник КазНУ. Сер. истор. 2004. № 2(33). С. 35-37.
- Кемелбеков А. Организация местной власти в Казахстане в период 1917-1933 гг. (Историко-правовой аспект) // Юридическая наука. №9, 2019.12- 17 с. // cyberleninka.ru
- Киришман В.В. Печать Петербурга и Москвы (1856–1874 гг.) о земской реформе 1864 года. Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. М., 1949.
- Королева Н.Г. Земство на переломе (1905–1907 гг.). Москва., 1995.
- Қазақ газеті. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. 518 б.
- Қарымсақова Ф.М. Семей облысында совет өкіметі үшін күрес және оның нәтижелері. Семей, 1980. 120 б.
- Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда. Ұжымдық монография. Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2018. 720 б.
- Қозыбаев И.М. Историография Казахстана; уроки истории. Алматы; 1990. 13 с.
- Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Алматы; 1995. 213 б.
- Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Алматы; 2006. 250 б.
- ҚР ОМА. 922-қ., 1-т., 4-іс, 45-48 п.
- ҚР ОМА. 1414-қ., 1-т., 1-іс, 465-п.
- ҚР ОМА. 1398-қ., 1-т., 208 іс, 162 п.
- ҚР ОМА. 1398-қ., 1-т., 79-іс, 1-п.
- ҚР ОМА. 1398-қ., 1-т., 218-іс.
- ҚР ОМА. 1398-қ., 1-т., 218-іс, 258-п.
- Махаева А. Қазақ мүддесін қорғаған комитеттер (1917-1918). Алматы; 1998. 158 б.
- Сайлаубаев Е.Е. Алашорда және оның Шығыс бөлігі. Семей, 1997. 120 б.
- Скрипилев Е.А. Всероссийское Учредительное собрание. Историко-правовое исследование. Москва; 1982. 87 с.
- Старикова А.Я. Русская революционно-демократическая публицистика о буржуазных реформах 60-х гг. XIX века. Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. Ленинград, 1953.
- Угрюмова М.В. Документальное наследие российских земств: Монография. Нижневартовск: Изд-во Нижневарг. гос. ун-та, 2014. 207 с.
- Ішкі хабарлар // Сарыарқа. 1919. 15 наурыз.
- Чернышева Е.В. Отечественная историография истории земства в России, 1864–1904 гг. Дисс. ... кандидата исторических наук. Екатеринбург, 2000.

References

- Abramov V.F. Rossiiskoi zemstvo: ekonomika, finansy i kultura (Russian zemstvo: economics, finance and culture). Moscow, 1996. [in Russian].
- Ahmetov M.D. Mestnoe samoupravlenie v politicheskom razvitii Kazahstana: Avtoref. dis... kand. jurid. nauk. (Local self-government in the political development of Kazakhstan: Author's abstract. dis ... cand. jurid. Sciences). Astana, 2000. 27 s. [in Russian].
- Alash orda: sbornik dokumentov// sost. Martynenko (Alashhorda: collection of documents // comp. Martynenko). Alma-Ata:Aikap, 1992. s. 47-48 [in Russian].
- Alash kosemsozi: 10 tomdyq (Alash heritage. 10 volumes). Almaty: Oner, 2011. 8-kitap: Abai. 384 b. [in Russian].
- Bokeihanov A. Shygarmalar (Composition). Almaty; 1994, 215 b. [in Kazakh].
- Veselovskii B.B. Istoriya zemstva za sorok let. V 4-h t. (The history of the zemstvo for forty years. In 4 volumes). St. Petersburg.1909–1911 [in Russian].
- Garmiza V.V. Podgotovka zemskoi reformy 1864 goda (Preparation of the Zemstvo reform of 1864). Moscow: Izd-vo MGU, 1957. [in Russian].
- Gornov V.A. Istoriya zemstva Rossii vtoroi poloviny XIX – nachala XX vv. i ee otrazhenie v otechestvennoi istoricheskoi nauke. (1946–1995). Diss. ... kandidataistoricheskikh nauk (The history of the zemstvo of Russia in the second half of the XIX - early XX centuries. and its reflection in Russian historical science. (1946-1995). Diss. ... candidate of historical sciences). Moscow, 1996 [in Russian].
- Gornov V.A. Istoriografiyaistorii zemstva Rossii (Historiography of the history of the zemstvo of Russia). Ryazan, 1997 [in Russian].
- Eskerilmei qalmasyn (not to be overlooked). Saryarqa. 1919. 1 aqpan [in Kazakh].
- Zhirenchin K.A. Politicheskoe razvitie Kazahstana v XIX – nachale XX vekov (Political development of Kazakhstan in the XIX - early XX centuries). Almaty: Zheti zhargy, 1996. s.330). [in Russian].
- Zimanov S.Z. Ideino-politicheskie vzglyady M.Seralina (Ideological and political views of M. Seralin). Alma-Ata, 1987. 256 s. [in Russian].
- Zemstvo kirgizu qamy (zemstvo introduction care). Saryarqa. 1917. 11 qyrquiek [in Kazakh].
- Kamal'dinov R. Ideya mestnogo samoupravleniya v trudah A.Bukeihanova / Vestnik KazNU. Ser. istor. (The idea of local self-government in the work of A. Bukeikhanov) / Bulletin of KazNU. Ser. history. 2004. № 2(33). S. 35-37 [in Russian].
- Kemelbekov A. Organizatsiya mestnoi vlasti v Kazahstane v period 1917-1933 gg. (Istoriko-pravovoi aspekt). Yuridicheskaya nauka (Organization of local government in Kazakhstan in the period 1917-1933. (Historical and legal aspect) // Legal science. №9, 2019. 12-17 s. // cyberleninka.ru [in Russian].
- Kirshman V.V. Pechat Peterburga i Moskvyy (1856–1874 gg.) o zemskoi reforme 1864 goda. Avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. (Stamp of St. Petersburg and Moscow (1856-1874) on the Zemsky reform of 1864. Abstract of the thesis. diss. ... Cand. ist. Sciences). Moscow, 1949. [in Russian].
- Koroleva N.G. Zemstvo na perelome (1905–1907 gg.) (Zemstvo at the turning point (1905-1907). Moscow, 1995 [in Russian].
- Kazakh gazetii (Kazakh newspaper). Almaty: «Qazaq entsiklopediyasy», 1998. 518 b. [in Kazakh].
- Karymsaqova F.M. Semei oblysynda sovet okimeti ushin kures zhane onyn natizheleri (the struggle for Soviet power in Semey and its results). Semey, 1980. 120 b. [in Kazakh].
- Kazakh memlkettiligii zhane Alashorda. Uzhyndyq monografiya (Kazakh statehood and Alashorda. Collective monograph). Almaty: «Litera-M» ZHSHS, 2018. 720 b. 402 b. [in Kazakh].
- Kozybaev I.M. Istoriografiya Kazahstana: uroki istorii (Historiography of Kazakhstan; history lessons). Almaty; 1990. s. 7 [in Russian].
- Koigeldiev M.K. Alash kozgalysy (Alash movement). Almaty; 1995. 213 b. [in Kazakh].
- Koigeldiev M.K. Ul'ttyk sayasi elita (National political elite). Almaty. 2006. 250 b. [in Kazakh].
- CSA RK (Central State Archives of the Republic of Kazakhstan). 922-к., 1-т., 4-ис, 45-48 p. [in Kazakh].
- CSA RK (Central State Archives of the Republic of Kazakhstan). 1414-к., 1-т., 1-ис, 465-p. [in Kazakh].

- CSA RK (CSA of the Republic of Kazakhstan). 1398-к., 1-т., 208 is, 162 p. [in Kazakh].
 CSA RK (CSA of the Republic of Kazakhstan). 1398-к., 1-т., 79-is.1-p. [in Kazakh].
 CSA RK (CSA of the Republic of Kazakhstan). 1398-к., 1-т., 218-is. [in Kazakh].
 CSA RK (CSA of the Republic of Kazakhstan). 1398-к., 1-т., 218-is, 258-p. [in Kazakh].
 Mahaeva A. Qazaq muddesin qorgagan komitetter (1917-1918) (Committees protecting the interests of Kazakhs (1917-1918). Almaty; 1998. 158 b. [in Kazakh].
 Sailaubaev E.E. Alashorda zhane onyn Shygys boligi (Alashorda and its eastern branc). Semei. 1997. 120 b. [in Kazakh].
 Skripilev E.A. Vserossiiskoe Uchreditel'noe sobranie. Istorika-pravovoe issledovanie (All-Russian Constituent Assembly. Historian-legal research). Moscow; 1982. 87 s. [in Russian].
 Starikova A. Ya. Russkaya revolyutsionno-demokraticeskaya publitsistika o burzhuaznyh reformah 60-h gg. XIX veka. Avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. (Russian revolutionary democratic journalism about the bourgeois reforms of the 60s. XIX century. Abstract of the thesis. diss. ... Cand. ist. Sciences). Leningrad, 1953. [in Russian].
 Ugyumova M.V. Dokumentalnoe nasledie rossiiskih zemstv: Monografiya (Documentary heritage of Russian zemstvos: Monograph). Nizhnevartovsk: Izd-vo Nizhnevart. gos. un-ta, 2014. 207 s. [in Russian].
 Ishki habarlar (Internal messages) // Saryarqa. 1919. 15 nauryz [in Kazakh].
 Chernysheva E.V. Otechestvennaya istoriografiya istorii zemstva v Rossii, 1864–1904 gg. Diss. ... kandidata istoricheskikh nauk: (Domestic historiography of the history of the zemstvo in Russia, 1864-1904. Diss. ... candidate of historical sciences). Ekaterinburg, 2000 [in Russian].

FTAMP 03.09.55

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_101

КЕҢЕС-ГЕРМАН МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы* 

¹Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

*Автор-корреспондент
 E-mail: kokebayeva@gmail.com

Түйіндеме. Мақалада кеңес-герман майданындағы соғыс тұтқындарының халықаралық-құқықтық статусын анықтау мәселесі қарастырылған. Зерттеу нысаны ретінде КСРО мен Германияның бейтарап елдер елшіліктеріне жіберілген хаттары мен жеделхаттары алынған. 1907 жылғы Гаага конвенциясы және 1929 жылғы Женева конвенциясы соғыс тұтқындарын шын мәнінде қорғай алатын еді. Кеңес өкіметі Ресейдің бұрынғы үкіметтерінің шетелдермен жасаған халықаралық келісімдерін, соның ішінде 1907 жылғы Гаага конвенциясын да мойындамады, сондай-ақ 1929 жылғы Женева конвенциясына да қосылған жоқ. Кеңес-герман майданында соғыс қимылдарының басталуы кеңес және неміс соғыс тұтқындарының құқықтық статусын анықтауды талап етті. Екі елдің үкіметтері арасындағы бейтарап елдер делдалдығымен іске асырылған хат алмасу шығыс майдандағы соғыс тұтқындарының құқықтық статусына ықпал жасай алмады. Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері соғыс тұтқындары мәселесі тоталитарлық мемлекеттер арасындағы идеологиялық күрестің объектісіне айналғанын көрсетеді.

Кілт сөздер: соғыс тұтқындары, Гаага конвенциясы, Женева конвенциясы, комиссарлар туралы бұйрық, халықаралық-құқықтық статус, протектор-мемлекет.

Мақала ҚР БҒМ № АР08855857 жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

МРНТИ 03.09.55

ПРОБЛЕМА ОПРЕДЕЛЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОГО СТАТУСА ВОЕННОПЛЕННЫХ НА СОВЕТСКО-ГЕРМАНСКОМ ФРОНТЕ

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Имангалиев А., Дүкенбаева З. ИБН ХАЛЛИКАН ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ.....	5
Қамбарбекова Ғ.Ә. «ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР.....	16
Байдильдина Феллан С.Х., Раджапов А.У. «БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ.....	29
Карамендина М.Ө. ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	40

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН В XV – НАЧАЛЕ XVI В.....	57
--	----

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Абдулина А.Т. К ПРАКТИКЕ МИССИОНЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В СЕМИРЕЧЬЕ.....	66
---	----

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Бәкір Ә.Қ., Тайман С. МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ.....	80
Санъязов Е. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (СЕМЕЙ ӨҢІРІ МЫСАЛЫНДА).....	92
Көкебаева Г.К. КЕҢЕС-GERMAN МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ.....	101

Касымова Д.Б., Қудайбергеноулы Б.
 НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ ЯЗЫКОВОЙ
 ПОЛИТИКИ В ПОСЛЕВОЕННОЕ ВРЕМЯ И ПОЗИЦИЯ
 РУКОВОДСТВА КАЗАХСКОЙ ССР.....114

Аминов Т., Талгатбеков А.
 ЖУМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ
 КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ.....127

Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.
 СОВЕТСКОЕ ДЕТСТВО КАЗАХСТАНА В 60-Е ГОДЫ XX ВЕКА
 (ПО МАТЕРИАЛАМ ГАЗЕТЫ «КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»).....142

**Шашаев Ә.Қ., Зикирбаева В.С.,
 Мурзаходжаев Қ.М., Мрзабаева Р.Ж.**
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ
 ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....157

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
 ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА
 INDEPENDENT KAZAKHSTAN HISTORY**

Kassymova D., Litvin D.
 UKRAINIAN ETHNO-CULTURAL CENTERS IN ALMATY CITY AND
 ALMATINSKAYA OBLAST: CURRENT SITUATION AND CHALLENGES.....170

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ
 ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ
 HISTORY OF THE WORLD**

Каримова З.К., Меделбай А.А.
 ТҮРКІЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ»
 САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....179

Ahmet Burçin Yereli, G. Мовкебаева, А.К. Toguzbayeva
 SOME PROBLEMATIC ASPECTS OF THE CUSTOMS
 AND LOGISTICS SPHERE OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION.....188

Басуға 15.07.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды